



Қос боксшымыз жүлдегер қатарында

Арқалық балалар мен жасөспірімдер спорт мектебінің шәкірттері Республикалық жарыстан оңжалы оралды.

Қ. Р. Тұңғыш Президенті Н. Назарбаевтың жүлдесі үшін Бокстан Қостанай қаласында 2006 – 2007 жылдар аралығында туған жасөспірімдер арасында Республикалық жарыс өткен болатын. Сол бәсекеге 3 бірдей шәкіртін апарған Арқалық БЖСМ жаттықтырушысы Марат СЕЙТМАҒАНБЕТ 2 боксшымыздың жүлдегер атанғанын айтты. Яғни, А. Құнанбаев атындағы №6 мектептің 8 сынып оқушысы Әлихан ҚҰЛАНБАЕВ 33 келі салмақта 2 орын-

ды жеңіп алса, 35 келіде бақ сынаған М. Әуезов атындағы №5 мектептің 7 сынып оқушысы Мәди РАҚЫМЖАН қола жүлдеге қол жеткізді.

Айта кетейік, турнир Республикалық деп аталғанымен халықаралық деңгейде өтті. Себебі, оған Маңғыстау облысы, Атырау, Алматы, Қарағанды, Сәтбаев, Петропавл, Көкшетау, Орал, Нұрсұлтан, Қостанай, Рудный, Жітіқара, Арқалық қалаларынан бөлек, көршілес Қырғызстан, Өзбекстан, Тәжікстан елдерінен де былғары қолғап шеберлері келіп, барлығы 200 – ге жуық спортшы шеберлік сынасты.

Бетті дайындаған
Дархан АМАНТАЙҰЛЫ